

ӘОЖ 419. 992'71:398.3

**КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ ТІЛІНДЕГІ  
СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСУ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ТҮРЛЕРІ**  
WAYS AND TYPES OF CONNECTION OF WORDS IN THE TEXTS  
OF ANCIENT TURKIC WRITTEN MONUMENTS

Н. ҚОШАНОВА \*

**Түйіндеме**

Көне түркі тілінің синтаксисін зерттеудің өзіндік қиындығы бар. Түркітану ғылымында көне түркі жазба ескерткіштерінің синтаксисі – көп зерттелмеген саланың бірі, тарихи синтаксисті талдау мәселесі бірізді теорияға сүйеніп, жан-жақты зерттелуі қажет. Ғалымдар тарапынан көне түркі тілі синтаксисін жекелей алып зерттеуден гөрі жекелеген түркі тілдерін зерттеуде тек сол тілдердің көне түркі тіліне қатысты жағын ғана салыстыра қарастыру басым түсіп отырады. Мақалада көне түркі жазба ескерткіштеріндегі сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері бүгінгі синтаксис тұрғысынан қарастырылады.

**Кілт сөздер:** көне түркі жазба ескерткіштері, көне түркі жазба ескерткіштерінің синтаксисі, түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи синтаксисі, сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері.

**Summary**

The research of syntax of ancient Turkic language has its own difficulties. Syntax of ancient Turkic written monuments in Turkology is one of the low-explored spheres. Problems of the analysis of historical syntax have to be guided by the uniform theory and have to be versatily investigated. This article considers the ways and types of connection of words in texts the ancient Turkic written monuments in aspect of modern syntax.

**Keywords:** ancient Turkic written monuments, syntax of ancient Turkic written monuments, comparative-historical syntax of Turkic languages, ways and types of connection of words.

Көне түркі ескерткіштері тілі оқылуының алғаш кілтін тапқан В.Томсен өз жетістіктерін В.В.Радловқа хабарлап, табылған ескерткіштердің графикасын жібереді. Ең бірінші болып көне түркі ескерткіштерінің аудармасын жасаған В.В.Радлов ескерткіштердің грамматикасын зерттеуге кіріседі.

---

\* филология ғылымдарының кандидаты, доцент. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан.  
Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, International K.A.Yassawi Kazakh-Turkish University. Turkestan-Kazakhstan. E-mail: n.koshanova@mail.ru

Ғалымның еңбектерін кейін көптеген зерттеушілер сынайды, түзетеді, бірақ олардың барлығының еңбектерінде В. В. Радловтың аудармасы негізге алынады. Оның еңбектері көне түркі жазбалары тілін зерттеудің бастауы болып саналады.

Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи синтаксисі жөнінде отандық түркітануда ең алғаш жазылған іргелі еңбектің авторы ретінде Н. З. Гаджиеваның еңбегін атауға болады [1]. Бұл еңбекте синтаксис құрылысының әдістері, синтаксистік архетипті реконструкциялаудың тәсілдері жан-жақты көрсетіледі. Аталмыш еңбектің соңын ала жарық көрген Н. А. Баскаковтың еңбегі [2] негізгі синтаксистік бірліктердің тарихи-типологиялық сипаттамасы мен классификациясына арналады.

Көне түркі тілінің синтаксисін зерттеудің өзіндік қиындығы бар. Түркітану ғылымында көне түркі жазба ескерткіштерінің синтаксисі – көп зерттелмеген саланың бірі, тарихи синтаксисті талдау мәселесі бірізді теорияға сүйеніп, жан-жақты зерттелуі қажет. Ғалымдар тарапынан көне түркі тілі синтаксисін жекелей алып зерттеуден гөрі жекелеген түркі тілдерін зерттеуде тек сол тілдердің көне түркі тіліне қатысты жағын ғана салыстыра қарастыру басым түсіп отыратыны белгілі.

Көне түркі тілінің құрылымын зерттеген көрнекті түрколог Н. А. Баскаков сөздердің өзара байланысы предикативті сөз тіркесі мен атрибутивті сөз тіркесінің негізгі базасы болып табылатынын ескерткен [3, 119].

Тарихи синтаксистік бірліктерді әлемдік тілдер аясында зерттеу қиынға соғады. Бұл қиындықты жеңу үшін Н. З. Гаджиева туыстас тілдерді салыстыра отырып, көне түркі тілінің архетипін құру қажеттігін, бұл бірліктер дамуын анықтау үшін тарихи морфологиямен тығыз байланыста қарау қажеттігін ескерте отырып, синтаксистік бірліктердің тек тарихи морфологиялық негізі ғана оның қандай бағытта, қай дәрежеде өзгергенінен хабар беретін, синтаксистік реконструкция анықтаушылық және етістік сөз тіркестерінің ортақ түркілік моделін нақтылайтын әдістердің негізінде сөз таптарын ұйымдастыру нәтижесіне қол жеткізуге болатынын баса көрсетеді [1, 14].

Көне түркі ескерткіштерінің синтаксистік қысқаша сипаттамасы Ташкентте басылған Ғ. Абдурахманов пен Ш. Шукуровтың «Өзбек тілінің тарихи грамматикасы» (1973) атты еңбегінде орта ғасыр ескерткіштерімен қатар салыстыра берілген. Бұл еңбектен екі жыл

бұрын 1971 жылы қазақ ғалымдары Ғ. Айдаров, Ә. Құрышжанов, М.Томановтар бірігіп жазған «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» деген еңбекте көне түркі ескерткіштерінің синтаксисі өте қысқа түрде сөз болады.

Көне түркі ескерткіштері тілінің синтаксисін, атап айтқанда, жай сөйлем синтаксисін жаңаша зерттеуге жол ашқан еңбектің бірі – ғалым О.Бекжанның «Күлтегін ескерткіші және жай сөйлемнің теориялық мәселелері» атты монографиясы. Ғалым бұл еңбегінде Күлтегін ескерткішіндегі жай сөйлем синтаксисін сапаланым-предикативтілік теориясы тұрғысынан қарастырады [3].

Түркі тілдерінің ерекшеліктерін дыбыс, морфологиялық тұлға, синтаксистік бірліктерге шейін тұтас зерттеп, толық сипаттамасын жасаған ғалымдар Б. А. Серебренников пен Н. З. Гаджиеваның «Түркі тілдерінің салыстырмалы-тарихи грамматикасы» атты еңбегінде де жай сөйлемнің синтаксисі сөз болады. Көне түркі ескерткіштерінен мысалдар келтіріледі [4, 21].

Көне түркі тіліндегі сөз тіркесін қазіргі түркі тілдерімен салыстыра зерттеген Н.З.Гаджиева сөз тіркесін предикативтілік қасиеттен айырылған, оның предикативтілігі тек кейбір жағдайларда ғана мүмкін дейді [1, 16].

Ескерткіштер тіліндегі сөйлем ішінде кездесетін сөздер белгілі бір жүйемен, ретпен, тәртіппен айтылады. Олар өзара мағыналық және тұлғалық жақтарынан бір-бірімен байланысып келеді де, белгілі сөз тіркестерін жасайды. Бағыныңқы және басыңқы құрылымды сабақтаса байланысқан тіркестер құрамындағы сөздердің байланысу тәсілдері мен түрлері қазіргі замандағы түркі тілдеріндегіден анағұрлым алыстап кетпейді.

Енді осылардың әрбіріне жеке-жеке тоқталып өтпекпіз:

**Сөздердің байланысу тәсілдері.** Ескерткіш тіліндегі сөз тіркестері бір-бірімен әр түрлі тәсілдер арқылы байланысады. Сөз бен сөзді байланыстыруға дәнекер болатын синтаксистік тәсілдер, негізінде, мыналар:

**1. Септік жалғаулар арқылы: Табғач қағанға бедізші келүртім, бедізтім – Табғаш қағаннан шебер әкелдім, өрнектедім. Түпүтке кішіг тегмедім – Тибетке кішкене жетпедім.**

**2. Тәуелдік жалғаулар арқылы: Қағаным қаны – Қағаным қайда? Қаған сүсі берітер ерміс – Қаған әскері бөрідей. Беглері йеме, будуны йеме түз ерміс – Бектері және халқы түзу еді. Менің сабымын сымады - Менің сөзімді бұзбады.**

3. *Жіктік жалғаулар арқылы: Арық оқ сен* – Арық оқтайсың. **Ең ілкі Тоғу балықда сүнүсдіміз** - Ең ілкі Тоғу қаласында соғыстық. **Турк будун үчүн түн удымадым, күнтүз олурмадым** – Түрк халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым.

*Шылаулар арқылы: Інім Күлтегін бірле сөзлешдіміз* – Інім Күлтегінмен сөйлестік. **Оғлы да қаған болмыш** – Ұлы да қаған болған. **Турк будун үчүн түн удымадым, күнтүз олурмадым** – Түркі халқы үшін түнде ұйықтамадым, күндіз отырмадым. **Темір қапығқа тегі сүледіміз** – Темір қақпаға дейін соғыстық.

*Сөздердің орын тәртібі арқылы: Ебін, барқын бұздым* – Үйін, жайын жойдым. Кейде сөздердің арасындағы мағыналық байланыс интонация (дауыс ырғағы) арқылы да жүзеге асады.

Сөздердің өзара байланысу тәсілдері негізінде қалыптасқан синтаксистік байланыс жүйесін *сөздердің байланысу түрі* дейміз. Қазақ тілінде сөздердің байланысу түрлері беске бөлінеді. Мұндай сөздердің байланысу түрлері көне жазба ескерткіштерінде де кездеседі. Зерттелу барысында Күлтегін ескерткіштер тілінде сөздердің байланысу түрлеріне қатысты грамматикалық ерекшеліктер кездеседі. Осыған сәйкес, ескерткіш тіліндегі фактілерге сүйене отырып, сөздердің байланысу түрлерін беске бөліп қарауға болады. Олар келесідей: қиысу, меңгеру, матасу, қабысу, жанасу.

**Қиысу.** Қиысу – синтаксистік байланыстың көп қолданылатын бір түрі. Қиысу да – сөйлемдегі бағыныңқы мүше (баяндауыш) басынқы мүшенің (бастауыштың) грамматикалық тұлғасына не грамматикалық мағынасына қарай тұлғаланады. Бұл бастауыш пен баяндауыштың арасында болатын байланыс. Қиысуда бастауыш қандай тұлғада тұрса, баяндауыш та сол тұлғада тұрады. Ескерткіш тілінен осы байланысу түріне мысал қарастырайық.

**Аз будунығ үкүш қылтым. Қорықмадымыз. Ол ат анта өлді.**

Белгілі тілші ғалым С.Аманжолов өз зерттеулерінде қиысудың екі түрін атап көрсетеді. Оның бірі жақтық категориясының қиысуы, екіншісі көптік жалғаулардың қиысуы. Осы кезге дейін білімпаздар жақ-жағынан қиысу мәселесі тек бастауыш пен баяндауышқа байланысты деп келеді, біздіңше, жақ-жағынан қиысудың анықтауыштан да, толықтауыштан да элементін табуға болады. Егер бастауыш I-II-III-жақтағы есімдік болса, баяндауыш жақтың қиысуымен қатар, көптік жағынан, яғни көптік жалғау арқылы қиысады. Мысалы: **Біздер балалармыз, сіздер қуанасыздар. Олар**

балалар [5, 76]. Мұндай байланыс қазіргі қазақ тіл білімінде сандық қиысу делінеді.

**Көптік жалғаулар арқылы:** Түрк оғуз беглері, будун, есідің! – Түркі оғыз бектері, халқы, естіндер!

Енді өзге ғалымдардың пікіріне сүйенсек, қазіргі кейбір түркі тілдері сияқты көне тілде бастауыш көптік формада тұрса да, баяндауыш көптік жалғауын қабылдамайды. Бірақ ескерткіштер тілінде бастауыш пен баяндауыштың көптік жағынан қиысуы сирек ұшырасса, жақтық қиысу молынан кездеседі.

**Жақтық қосымшалар арқылы:** Түрк беглер түрк атын ыты – Түркі бектері түрк атын жойды. Ол ат анта өлді – Ол ат сонда өлді. Бен өзім табғач елінте қылынтым – Мен өзім табғаш елінде тәрбиелендім. Бен утру йорыдым – Мен қарсы жорттым. Бен анча тирмен – Мен солай дермін. Бен ертім – Мен едім; Өзүм қылынтым - Өзім тәрбиелендім. Өзүм қыстым - Өзім қыстым; Оғуз келті – Оғыз келді. Екі бың ертіміз – Біз екі мың едік. Қағанын өлүртіміз – Біз қағанын өлтірдік. Неке қорқыр біз – Біз неге қорқамыз.

**Жіктік жалғаулар арқылы:** Өлүртечі сен – Отырсың сен. Ток арық оқ сен – Арық оқтайсың.

Сөздердің байланысу түрлерінің ішінде қиысуды сөз еткенде, бастауыш пен баяндауыш арасындағы қатынас әңгіме болатыны сөзсіз. Т.Қордабаевтың «Тарихи синтаксис мәселелері» атты еңбегінде «Жамиғ-ат-тауарих» еңбегіне талдау жасағанда, ондағы бастауыш пен баяндауыш арасындағы қатынасты предикативтік қатынас деп атап, оның екі тәсілін көрсетеді. Олар синтетикалық тәсіл мен комбинаторлық тәсіл болып бөлінеді [6, 89].

Синтетикалық тәсілде баяндауыштар бастауышсыз болады, яғни бастауыш жасырын тұрады. Күлтегін ескерткіштерінде бұл тәсіл арқылы жасалынған сөйлемдер де кездеседі. Мәселен: **Көк Өңүг йұғуру Өтүкен йышғару удызтым** - *Көк Өңүг таптай Өтүкен қойнауына жүргіздім. Тәңірі йарылқады йадық сүлетдім – Тәңірі жарылқады, қайттық. Қалғаныма өтүнүп сүлетдім – Қағаныма өтініп, соғыстым* т.б.

Бұл келтірілген мысалдардағы баяндауыштардың бастауыштары жасырын тұлғада келген. Демек, синтетикалық тәсіл арқылы жасалынған.

Комбинаторлық тәсілде сөйлемдегі баяндауыштардың өзіне тән бастауыштары айқын көрініп тұрады. Күлтегін ескерткіштер тілінде бұл тәсіл арқылы байланысқан сөздер де баршылық. Мысалы: **Біз йеме**

**сүлтеміз. Мен өзім ұзақ шабуылдарға да қатыстым – Бен өзум узун йелмег йеме ыттым оң. Хабаршы келеді – Корук кісі келті (ТК., 29).**

Келтірілген сөйлемдердегі баяндауыштардың өзіне тән бастауыштары көрсетілген. Сол себепті бұл сөйлемдегі бастауыш пен баяндауыш байланысын комбинаторлық тәсіл арқылы жасалынған дейміз.

Жоғарыдағы ғалымдардың зерттеулеріне, келтірілген мысалдарға қарай отырып, қиысу байланысы V-VIII ғасырларда жазылып кеткен Орхон-Енисей жазба ескерткіштер тілінде кездесетіндігіне көз жеткіздік.

**Меңгеру.** Сөздердің байланысу түрлерінің келесі бірі – меңгеру. Бұл – сөз тіркесіндегі бағыныңқы сөздің басыңқымен мағыналық үйлесімі негізінде септік жалғауларының (іліктен басқа) бірінде тұрып байланысуы; меңгерілетін сөз табыс, барыс, шығыс, жатыс, көмектес жалғауларының бірінде тұрады да, меңгеретін сөз етістік, есім не сол екеуінің ортақтасқан тобы болады. Байланысудың бұл түрі ескерткіштерде өте жиі қолданылатын сөз тіркестерінің бірі. Негізінде баяндауыш пен толықтауыш арасында болатын байланыс. Нақтылап айтсақ, сөйлем мүшесі жағынан меңгеруші сөз тура не жанама толықтауыш болады. Меңгеруде бағыныңқы мүшенің белгілі бір септік жалғауда (ілік септіктен басқа) тұруы шарт. Меңгеріле байланысқан сөз тіркестері бағыныңқы сөздің тұлғасына қарай былай бөлінеді: табыс жалғаулы сөз тіркестері; барыс жалғаулы сөз тіркестері; шығыс жалғаулы сөз тіркестері; жатыс жалғаулы сөз тіркестері; көмектес жалғаулы сөз тіркестері [7, 84].

∇ Енді әр септікті атап көрсетейік. Табыс жалғаулы сөз сабақты етістікпен тығыз байланысты болады. Ескерткіштер тілінде табыс жалғаулы сөз тіркестерінің мынадай модельдері кездеседі:

а) -ғ, -г, -ығ, -іг, -уғ, -уг тұлғалы жалғаулы сөз тіркестері. Мәселен: **Күлтегініг аз ерін іртүрү ітіміз. Бү сүг елт. Қарығ сөкдім. Қырқ азығ уда басдымыз. Алтун йышығ аса келтіміз, Ертіс үгүзүг кече келтіміз.**

ә) -н, -ын, -ін, -ун, -үн тұлғалы сөз тіркестері. Мысалы:

**Ақ адғырығ удлықын сыйу, урта. Чуғай қузын, Қара қумығ олурур ертіміз.**

б) -ны, -ні, -ы, -і тұлғалы сөз тіркестері. Мысал ретінде мына тіркестерді негізге аламыз:

*Егер біз армиямызбен қарсы шықпасақ, олар бізді құртады – Анару сүмшесер кач пен ерсер ол бізні өлүртечі. «Мен оғыз халқы өлтіреді», - дедім мен – Біні оғузың+өлүртечі тірмен.*

Табыс жалғаулы сөздер кейде ашық түрінде, кейде жасырын түрінде де келе береді: **Өзүм қаған қысдым. Кейік ййү, табысған ййү олурур ертіміз. Күч бертүк үчүн. Беңгү таш тоқытдым.**

∇ Ескерткіштер тілінде (Күлтегін) жатыс жалғаулы сөз тіркестері де кездеседі. Мысалы: **Елде бұң йоқ. Иуртта қалур ерті. Ол күнте тегді. Түрік есір йерте йод қалматы. Йантуқ йолта йеме өлті күк. Темір қапығқа тегі сүледім.**

Сонымен қатар, Күлтегін ескерткіштер тілінде шығыс жалғаулы сөз тіркестері кездеседі. Бірақ өзге септіктерге қарағанда, аз ұшырасады. Мәселен: **Оғуздан көруг келті. Өнден қағанғару сү қорыдым.**

Біздің байқауымызша, шығыс септік ол дәуірде қалыптаса бастаса керек. Өйткені, шығыс септіктің орнына көп жерде жатыс септіктің жұмсалатыны байқалады. Мысалы: **Қырқ азда йантымыз. Түргеш қағанта көруг келті.**

Көне жазба ескерткіштер тілінде барыс жалғаулы сөз тіркестері ұшырасады. Олар барыс септігінің *-ғару* жалғауы арқылы байланысқан тіркестер. Бірақ ескерткіште бұл тіркестер сирек кездеседі және қолданыста көп қолданыла бермейді. Мысалы: **Апа тарқанғару бере саб ыдымыс. Табғачқа йана ічікді. Қағанғару ол сабығ ыттым. Болчука таң үнтүрү тегдіміз. Неке тезер біз.**

Септік жалғауының соңғы түрі көмектес септігі. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен көмектес жалғаулы сөз тіркестерін де байқауға болады. Олар *-н, /-ын, -ін, -ун/* жалғауы арқылы жасалады. Мысалы: **Көзүн көрмедүк, құлақакын естімедік. Баға тарқан бірле Ілтеріс қаған болайын.**

Көмектес септігінің жалғауымен қатар, құралдық септік арқылы да сөз тіркестері жасалған. Олар тексте айтарлықтай көп емес: **Інбек көлүкін Тоғлада оғуз келті – Сыыр көлігімен Тоғлада оғыз келді. Сүңүгін ачдымым – Сүңгімен аштық.**

**Шылау сөзді тіркестер.** Ескерткіштен табылған шылау сөзді тіркестер төмендегідей:

Бен ебгерү түсейін – *Мен үйге қайтайын.* Анта кісре теңрі біліг бертүк үчүн - *Содан соң тәңрі білік бергені үшін.* Алтун йыс үзе қабысалым – *Алтай тауы үстінде бірігеміз.* Іл йеме іл болты, будун йеме будун болты – *Ел және ел болды, халық және халық болды.* Тоқуз

Ерсенке тегі сүледім – *Тогыз Ерсенге дейін соғыстым*. Ат үзе бентүре – *Ат үстіне міндіре*.

Қысқаша айтқанда, меңгеріліп тұрған сөздер жанама не тура толықтауыштардың бірі болса, меңгеруші сыңармен тіркес құрау үшін оған барыс, табыс, шығыс, жатыс және көмектес септік жалғауларының бірі жалғанатыны көрінді. Сонымен, меңгеру – ескерткіште сабақтас тіркесті сөздердің өте ерте кезден келе жатқан және жиі қолданылатын түрінің бірі.

**Матасу.** Ілік септігіндегі сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің бір-бірімен байланысы қазақ тіл білімінде матасу деп аталады. Бұл синтаксистік байланыстың бір түрі. Мұндай сөз тіркестері бірімен-бірі матасып тұратын грамматикалық тұлғалар – ілік септігі мен тәуелдік жалғаулар арасында болады, яғни бірімен-бірі қарама-қарсы, матаса байланысатын сөздердің бірі ілік септігінің жалғауында, екіншісі тәуелдік септігінің жалғауында айтылады. Мысалы: ағаштың бұтағы, сенің кітабың, көздің қарасы т.б. [7, 41]. Бірақ ілік жалғаулы сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің өзара байланысу тәсілдері біркелкі емес, әр түрлі. Оларды біз 3 топқа жіктедік:

1. Бірінші топтағы сөз тіркестерінің екі жағы да жалғаулы болып келеді. Мұнда ілік септігіндегі сөз де, тәуелдік жалғауындағы сөз де жалғаулы болады. Бұға мәтіннен мысал келтірелік:

*Менің халқым – **Бенің будуным**. Халықтың заңы – **Будулық төрүсі**. Қағанның халқы – **Қағанның будуны**. Чордық ұлы – **Чорын оғлы**. Менің сабымын сымады – *Менің сөзімді бұзбады*. Байырқуның адғырыр – *Байырғының айғыры*.*

2. Ал екінші топтағы сөз тіркестерінің бірінші сыңары жалғаусыз, екінші сыңары жалғаусыз болып келеді, сонда ілік септігінің жалғауы жасырын тұрып, тәуелдік жалғауы тұрады. Мысалы: **Бү үчегү** – *Бұл үшеуі*. **Бен өзүм** – *Мен өзім*. **Будун боғзы** – *Халықтың тамағы*. **Он оқ қағаны** – *Он оқ қағаны*. **Он оқ сүсі** – *Он оқ әскері*. **Он оқ беглері** – *Он оқ бектері*. **Көгмен йолы** – *Көгмен жолы*. **Түргес қағаны** – *Түргеш қағаны*. **Сү басы** - *Әскер басы*. **Түрк будун аты, күзі йоқ болмазун** – *Түркі халқы аты, даңқы жоқ болмасын*. **Сүңгү батымы қарығ сөкіпен** – *Сүңгі батым қар тазаладым*.

3. Үшінші топта тәуелді жалғаулы сөз ілік жалғаулы сөзсіз-ақ логикалық байланыста тұрады. Мәселен:

Қалмысы – *Қалғаны*; Йағымыз – *Жауымыз*; Қағаны – *Қағаны*; Айғучысы – *Кеңесшісі*; Сүмүз - *Әскеріміз*; Қара терім – *Қара терім*; Қызыл қаным – *Қызыл қаным*; Екі учы – *Екі ұшы*; Өзүм - *Өзім* т.б.



**Қабысу.** Сөздердің байланысу түрлерінің келесі бір түрі – қабысу. Бұл байланыста сөздер бір-бірімен еш жалғаусыз, қатар тұрып, тек орын тәртібі арқылы байланысады. Мысалы: Түрк будун – *түркі халық*. Бір кісі – *бір кісі*. Беңгү таш – *мәңгі тас*. Еліг йыл – *елу жыл*.

Қарастырылып отырған ескерткіштегі қабыса байланысқан сөз тіркестерінің құрамы әр түрлі болып келеді, зат есімді және етістікті болып ерекшеленеді. Ғалым Ғ.Айдаров өзінің «Күлтегін ескерткіші» атты зерттеу еңбегінде зат есімді тіркестердің өзін іштей тағы бірнеше топтарға бөледі [7, 141]. Олар төмендегіше үлгіде:

**Зат есімді тіркестер.**

а) меншіктілікті көрсететін сөздер: Беңгү таш – *мәңгі тас*. Табғач будун – *табғач халық*. Түрк будун – *түркі халық*. Түрк беглер – *түркі бектер*.

ә) географиялық атаулар:

Өтүкен йыш - *Өтүкен қойнауы*. Темір қапығ – *Темір қақпа*. Шантун йазы – *Шантун жазығы*. Чуғай йыш – *Шұғай қойнауы*. Алтун йыс – *Алтай тауы*. Тоғу балық – *Тоғы қаласы*.

б) жалқы есімдер мен дәреже атаулары:

Күлтегін – *Күлтегін*. Макрач тамғачы – *Макраш таңбасы*. Ынанчы Чор – *кісі аты*. Ілтеріс қаған – *Ілтеріс қаған*. Інел қаған – *Інел қаған*. Қапаған қаған – *Қапаған қаған*.

в) жыл, ай атаулары:

Қой ылқа – *қой жолға*. Бічін йыл – *мешін жыл*. Иетінч ай – *жетінші ай*. Тоқузынч ай – *тоғызыншы ай*.

г) өлшемдік қатынастар: Бір йылқа бiш йолы сүнүсдіміз – *Бір жылда бес рет соғыстық*. Сүнүг батымы қар сөкіпен – *Сүнгі батымы қарды тазалап*. Ең ілкі Тоғу балықда сүнүсдіміз - *Ең ілкі Тоғы қаласында соғыстық*.

Жоғарыда келтірілген тіркестер екі сөзден құралып, ешбір жалғаусыз өзара мағыналық байланыста тұр. Мұндай тіркестер кейде екі сөзден құралса, кейде үш, одан да көп сөздерден құрала береді. Мысалы: **Турк есір будун** – *Түркі тұтқын халық*; **азқына турк будун** – *азғана түркі халқы*.

**Сын есімді сөз тіркестері.**

Ескерткіште сын есімдер зат есімдермен қатар келуі арқылы өзара қабыса байланысады. Мысалы: Білге Тониқұқ – *Білгіш Тониқұқ*. Туруқ буқа – *арық бұқа*. Семіз буқа – *семіз бұқа*. Күчлүг қаған – *күшті қаған*. Сарығ алтун – *сары алтын*. Өрүң күміс – *ақ күміс*. Өңрекі будун

- алдыңғы халық. Өңрекі ер – алдыңғы ер. Ічрекі будун – іштегі халық. Темір қапығ – Темір қақпа.

Келтірілген мысалдардағы тіркестің алдыңғы сыңары – сын есімдер. Олар өздерінен кейінгі зат есімдерге қатысты болып, сөз тіркестерін жасап тұр. Мұндай сын есімді сөз тіркестері қазіргі қазақ тілінде де өте жиі қолданылады.

#### **Сан есімді тіркестер.**

Сын есімдер сияқты сан есімдер де зат есімдермен өзара тіркесу арқылы қабыса байланысады. Олар төмендегідей: **Йеті йолы сүлеміс** – *Жеті рет соғысқан.* (Он оқ оғлым – *он оқ ұлым.* Бір кісі – *бір кісі.* Екі сү – *екі жасақ.* Екі атлығ – *екі атты.* Екі кісі – *екі кісі.* Бір атлығ – *бір атты.* Бір йадағ – *бір жаяу.* Йеті йүз кісі – *жеті жүз кісі.* Тоғыз оғуз – *тоғыз оғыз.* Үч қаған – *үш қаған.* Он түн – *он түн.* Он түмен сү – *жүз мың әскер.* Үч отуз балық – *жиырма үш қала.* Йеті йігірмі сүңүс – *он жеті соғыс.* т.б.

#### **Есімдікті тіркестер.**

Есімдіктердің ішінде қабыса байланысқан есімді сөз тіркестерінің бағыныңқы сыңары болып жиі кездесетіндері – *сілтеу, сұрау және жинақтау* есімдіктері. Олар зат есімдермен тіркесіп, *анықтауыштық* қатынаста жұмсалады.

Мәтінде есімдіктердің бәрі бірдей зат есімдермен тіркес жасай бермейді. Жоғарыда атап кеткен сілтеу, сұрау есімдіктері ғана зат есімдермен тіркесіп, қабыса байланысады. Бұған ескерткіштен мысалдар келтіре кетелік: **ол сабығ** – *ол сөз;* **ол суб** – *ол сөз;* **бу сү** – *бұл әскер;* **ол күн** – *ол күн;* **ол йер** – *ол жер;* **не буңы** – *не мұңы;* **нең йер** – *қай жер.*

#### **Есімшелі сөз тіркестері.**

Зат есімдермен қабыса байланысатын сөздердің тағы бір тобы – есімшелер. Есімшелердің зат есімдермен тіркесуі арқылы *анықтауыштық* қатынастағы есімді сөз тіркестері жасалады. Орхон-Енисей жазбаларының тексінде мұндай тіркестер көп емес. Мысалы: **йатығма тағ; келігме беглер** – *келген бектер.* Қағанладук қағанын Ілледүк ілін. Тегдүкін – *жеткен, тиген.*

**Етістікті тіркестер.** Етістікті сөз тіркесінің грамматикалық дiңгегі етістік болады да, соның негізінде басқа сөздер етістіктің маңына топталады. Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестерінің құрамы әр түрлі болады. Етістіктер мен қабыса байланысатын сөздер: үстеулер, еліктеуіш сөздер, көсемшелер, сын есімдер, сан есімдер, жалғаусыз зат есімдер. Қабыса байланысқан етістікті сөз тіркестері

бағыныңқы сыңардың ыңғайына қарай: үстеулі сөз тіркестері; еліктеуішті сөз тіркестері; көсемшелі сөз тіркестері; сын есімді сөз тіркестері; сан есімді сөз тіркестері; зат есімді сөз тіркестері деген алты топқа жіктеледі. [8, 69].

Ескерткіштерде осылардың ішінен үстеулі, сан есімді және зат есімді сөз тіркестері ғана кездеседі: Үстеулі сөз тіркестері: **Күнтүз олурмадым. Сүңкүн тағча йатды. Күлтегін Байырқын бiнiп, оплайу тегдi. Ертiс үгүзiг кече йорыдымыз. Бу сабымын едгүтi есiд, қатығды тыңла. Талуйқа кiчiг тегмедiм.**

Сан есімді сөз тіркестері. **Қамығы йетi йүз ер болмыс. Қамуғу бiш отуз сүледiмiз.**

Зат есімді сөз тіркестері. **Будун ертiм – Халқым едi. Будун болчун – Халық болсын. Құл болты – Құл болды.** Ескерткіш мәтінінен қабыса байланысқан етістікті тіркестерге тағы мына бір мысалдарды келтіруге болады: **iл болты – ел болды; будун болты – халық болды; қары болтым – қары болдым; таң үнтүрү тегдiмiз – таң ата жеттiк; түн қатдымыз – түн қаттық; оғуз келтi – оғыз келдi; будун келтi – халық келдi..**

Сонымен қатар, қабысу көне түркі тілінде кеңінен қолданылады. Қабысу негізінен сөз тіркестерінің жалғаусыз анықтауыштардың (пысықтауыштардың), анықталушы (пысықталушы) сөздерімен байланысы. Мысалы: **Ол ашты аңығ йоң түрк қаған. Өйткен йым олар сар елте бұң йоң** - *Егер баяғы кексіз түрк қаған өтүкен қойнауында отырса елде мұң жоқ.* Бұл жердегі сөздердің *елте йоң* пысықтауыштың тіркесінен басқаның барлығы бір-бірімен орын тәртібі арқылы қабыса байланысқан. Мәселен: анықталушы байланыс – **ол қаған ашты а, ығ (баяғы кек), аңығ йоқ қаған (кегі жоқ қаған), түрік қаған, өтүкен йышы (өтүкен қойнауы), пысықтауыштық байланыс – йым олысар (қойнауда отырса).** Предикативті байланыс - **аңығ йоқ (кек жоқ), бұң йоқ (мұң жоқ), қаған олысар (қаған отырса).**

**Жанасу.** Бұл байланыста пысықтауыштар етістіктен болған баяндауыштармен ешбір орын талғамай байланысады. Демек, жанасу – пысықтауыш пен баяндауыш арасындағы байланыс. Жанаса байланысқан сөздердің сөйлемдегі орны ерікті, олар сөйлемнің басында, ортасында, ал поэзияда сөз соңында да келе береді. Мысалы: **Түрк будун үчүн түн удымадым, күнтүз олурмадым. Ебгерү түсейiн. Қоды бардымыз. Кунтуз олурматы. Ебiрү түсейiн т.б.** Қабысуда өзара тіркескен сөздер орындарын өзгертпей, жұбын жазбайды. Ал,

жанасуда олай емес, кей кездері тіркескен сөздер бір-бірінен қашық тұра береді. Келтірілген мысалдарда пысықтауыш пен баяндауыш алшақ тұрып та, жақын тұрып та байланысқан. Демек, бұл байланысу түрі де көне түрік ескерткіштерінде ұшырасады.

Түйіндей келе айтарымыз, сөз тіркесі синтаксисінің байланысу тәсілдері мен түрлері көне жазбаларда кеңінен қолданыс тапқанына жоғарыда келтірілген тілдік фактілер көрінісі толықтай дәлел бола алады. Көне түркі жазба ескерткіштері тілі, атап айтқанда сөз тіркесі, сөйлем синтаксисі - ерекше зерттеуді қажет ететін мәселе.

#### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Гаджиева Н.З. *Основы синтаксической структуры тюркских языков*. – Москва, 1974.
2. Баскаков Н.А. *Историко-типологическая характеристика структуры тюркских языков*. Словосочетание и предложение. - Москва, 1975.
3. Бекжан О.Д. *Күлтегін ескерткіші және жай сөйлемнің теориялық мәселелері*. Монография. – Түркістан, 2005.
4. *Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгін мен болашағы*. – Алматы, 2004.
5. Айдаров Ғ. *Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі*. – Алматы: «Рауан», 1991
6. Қордабаев Т. *Тарихи синтаксис мәселелері (XV-XVIII ғ. материалдары бойынша)*. – Алматы: «Ғылым», 1964.
7. Айдаров Ғ. *Күлтегін ескерткіші*. – Алматы: «Ана тілі», 1995.
8. Сайрамбаев Т., Балақаев М. *Қазіргі қазақ тілі*. – Алматы, 2003.